

3.Х.ЛАТЫПОВА

## КӨРКЕМ АУДАРМА ЖАЙЫНДА

Қазіргі балалар өдебиетінің негізін қалаушы О. Тұрманжановтың балаларға арналған шығармалары өз алдында бір тәбе. 1952 ж. «Қарлығаш», 1959 жылы «Сұнқар түлектер» атты балаларға арналған өлеңдер жинағы шыққан. Мұнда «Ленин суреті», «Қызыл құмның құпиясы», «Қарлығаш», дәуіт, жылан», «Жолбарыс», «Төрт өгіз туралы ертегі», «Жолаушы мен жеті касқыр», «Аю мен аралар», «Карлығаш, көккүтан», «Көктем көріністері», «Құмырсқалар, аралар, қыыспас дос құдалар» т.б ертегілер, өлеңдер, поэмалар, мысалдар бар.

«Бозша торғай» (1970), «Жауқазын» (1973) деген жинақтарында соңғы он шақты жылдың ішінде балаларға арнал жазған шығармалары енген. Қазақ балалар өдебиетінің ақсақалы атанған Өтебайдың бірнеше кітаптары орыс тіліндегі басылышпен шықты [1, 116].

«Құмырсқалар, аралар – қыыспас дос құдалар» атты шығармасы да орыс тіліне аударылған, балалар поэзиясының қазынасына қосылған. Осы ретте төл өдебиетіміздің шығармалары басқа тілдерге қалай тәржімаланып келеді деген мәселе біз үшін аса маңызды. Өйткені өзге ұлт өкілдері біздің рухани болмысымызды ұлттық өдебиетіміздің мысалдары арқылы таниды, сол арқылы таразылайды.

Жалпы көркем аударманың ұлт мәдениетінің дамуы мен өркендеуіне етер өсері айрықша екені бесененеден белгілі. Сондай-ақ өдебиеттің көркемдік-эстетикалық көкжиеғінің кенеюіне, өдеби тілдің байи түсуіне тигізер ықпалы орасан зор.

Мәселен, көркем аударма арқылы көзі қарақты оқырман қауымы өлем өдебиетінің небір інжу-маржандары сусындал, өзіндік эстетикалық ләzzат алады, ой-өрісін кенейтеді. Сонымен қатар өлемдік өдебиеттандыру ғылымындағы прогрессивтік тенденциялардың даму барысынан хабардар болып, соны ғылыми тұжырымдар жасауға да оның септігін тигізері сөзсіз. Демек төл өдебиетіміздің өркендер, кең қанат жаюына көркем аударма ерекше өсер етті және етуде. Бұл ретте орыс және басқа халықтар өдебиетінің қазақ тіліне аударылуымен қатар, қазақ өдеби туындыларының басқа тілдерге аударылуына да зер салған жөн. Әсіресе қазақ балалар өдебиеті шығармаларының орыс және басқа да шет тілдеріне

қаншалықты, әрі кай дәрежеде аударылды деген мәселелер төнірегінде көнілде жүрген көптеген ойлар бар. Бұл түйткіл ойлар мына төмендегі жайттарды елеп-екшегенде ғана өз шешімін таппақ...

Біріншіден, аударманың принциптері мен қағидаларын біліп, теориясын төрекшілікке қажет. Бұл ретте көркем аударма түрлері мен әр жанрдың өзіне тән ерекшеліктерін ескеріп, өдеби туындының түпнұсқа тілінің зандылықтарын есте үстаған жөн.

Мәселен, қазақ балалар өдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармалары орыс тілді оқырмандарға түпнұсқаға сәйкес дәрежеде жете бермейді. Оның себептері – көбіне көп аударманың қарапайым қағидаларымен қаруланбау, тілдер өзгешеліктерін сактамау және т.с.с. болып табылады.

«Аударма сапасы қандай?» деген мәселе жүйелі әңгіме арқауына айналмай, тиісті деңгейде мән берілмей келе жатыр. Әсіресе балаларға арналған туындылардың тәржімалануы туралы кеңес, тиісті талқылаулар үйімдастырылмай жүр. Соның салдарынан өзге тілде оқитындар біздің өдебиетіміздің көркемдік ерекшеліктері жайында жарытымды мағлұмат ала алмайды. Кейінгі кезеңде жарық қөрген аудармаларға зер салсак, түпнұсқадан алшақтап кеткен асығыс, ат үсті немесе дарынсыз аудармалар көп кездеседі.

Әрине қандай да болсын тәржімашы ең алдымен аударманың принциптерінен, теориясы мен практикасынан хабардар болуы шарт. Бұл ретте шығарманың жанрлық ерекшеліктерін былай қойғанда, түпнұсқа тілінің өзіндік зандылықтарын, рухани ұлттық бояу-қасиеттердің көркемдік өлемін, ұнамысын сезінде маңызды.

Оның үстінен поэзия туындысын аудару үшін аудармашының ақындық дарыны түпнұсқа авторының олқы түспегені керек. Бірақ іс жүзінде үл тілек жүзеге аса бермейді.

Мәселен, тілге женіл, ырғағы еркін, динамикаға, образға толы О.Тұрманжановтың өлең жолдарына зер салайық:

Ертеде бір орманда,  
Өзі салған қорғанда  
Бір топ ара тұрылты,  
Бәрі енбеккор жан екен,  
Тамаша өмір сүріпті.

Алтын екен қорғаны,  
Алқалаған орманы –  
Асыл, маржан, гүл екен.  
Бәйшешегі балбырап,  
Жасыл, лағыл дүр екен.  
Төбесінен нұр құйып,  
Болмайды екен мұнда қыс!  
Күйшілері – бәгелек,  
Бишілері – кәбелек,  
Әншілері – бұлбұл құс! [2, 221-222 66.].

Тұпнұсқада өлең жолдарының саны он бес. Басы артық, бостекті сөз, тәлтіректеген тармақтар жок...

Осының орысша аудармасы былай:

Жили-были  
На опушке  
В лубяной своей избушке  
Пчелы – целая страна.  
Мед копили терпеливо,  
Жили ладно и счастливо,  
Все трудились дотемна.  
Эта присказка пока,  
Сказке –  
Новая строка [3, 270].

Аударған бүгіндеге есімі орыс тілді оқырмандарға белгілі болып қалған қабілетті қаламгер В.Киктенко. Аудармашының дарыны жетпеді деуге ауыз бармайды. Демек бір кілтипан я тұпнұсқа нәрін жеткізе алмаған жолма-жол аудармада, я асығыс аударған тәржімашыда. «Қорған» «избушкаға» айналып, «бір топ ара» «странаға» айналып кеткен. Алқалаған орман, асыл, маржан гүл, балбыраған бәйшешек, қыста жібермей құйылып тұрған нұр, қуйші –бәгелек, әнші – бұлбұл құс бәрі көзден бұл-бұл үшқан.

Оның есесіне жай хабарлама секілді, әрі онай үйқастардан құралған, әрі тұпнұсқада жок «Мед копили терпеливо, жили ладно и счастливо» қосылып кеткен. Тұпнұсқадан алты жол кем. Бұл қалған жолдарда ормандағы жанды, әдемі көріністі көз алдымызға тірілтіп әкелетін образдар, әдемі гармония бар еді, барлығы да сызырылып қалған. Осының барлығы аудармашының тұпнұсқа тілін жете білмегендігінен кеткен кемшиліктер. Шығарма авторының тіл байлығы, өлеңнің поэтикалық қуаты аудармадан анғарылмайды. Бұл аударма «Антология казахской детской поэзии» деген кітаптан алынып отыр. Ө.Тұрманжановтың аталған шығармасының қолемі тұпнұсқа бойынша 410 жол болса, тәржімадағы тармақтардың саны – небәрі 199. Аудармашы тұпнұсқаны екі есе қысқартып жіберген немесе жолма-жол аударма жасағандар жол-жөнекей рәсuaлап қалдырып кеткен. Мұндай аудармаларды оқығаннан кейін орыс тілді оқырмандардың қазак өдебиеті, оның ішінде, қазақ балалар поэзиясының көр-

кемдік деңгейі туралы қандай ойда болатынын шамалау қыын емес. Сөзімізді дәлелдеу үшін мысал келтірейік:

Ханша сонда тіл қатты:  
- Сөзініз қандай тым тәтті,  
**Инелік құда, инелік!**  
Айта алмай тұрмын именіп,  
Сұлу ақ екен сыртыңыз,  
Жарамсыз екен жұртыңыз,  
Бұзылған екен құлқыңыз,  
Келмей-ақ тұр құлпыңыз,  
**Жазды өткізген жалтырап,**  
Қыста отырсан қалтырап,  
Біреуден кеусек дән сұрап,  
Біреуден жәрдем мал сұрап,  
Төрелік етші өзің-ақ!  
Өмір ме осы, ал, шырақ?  
Болса да балан сулу, жас,  
Қызыма менің ұнамас...  
**Инелік қалды қүйреліп,**  
Белінен бірақ түйреліп  
**Инелік boldы келеке**  
Созыла берді мереке.  
Өрмегін өре жүгіртіп  
Өрнегін салып бүгіліп  
Өрмекші түсті ортага, [2,228-229] –

деген жолдардың аудармалары мынадай:

Но сказали царь с царицей  
Хвастунишке, болтуну:  
Любят все повеселиться,  
Славя лето и весну.  
А мороз со снегом грянет-  
Чем укроешься от них?  
Наша дочь твоей не станет,  
Ненадежный ты жених.  
Тут взять не прекрасная,  
Нить набросить на крючок,  
Вышел на середину круга  
Паучок-крестовичок [3, 271-272].

Жоғарыда асты сызылған өлең жолдары назардан тыс қалған. Аудармашы В.Киктенконың шығарма тілін жете білмегендігінен, тұпнұсқаны жете түсінбегендігінен өлеңге нәр беріп, көркемдігін көтеріп тұрған жолдар мұлдем басқа мағынада берілген. Шығарма авторы Ө.Тұрманжановтың тіл байлығы, өлеңнің поэтикалық қуаты аудармада сезілмейді. Сондықтан да қуатты мысал өленде нәр байқалмай, қарабайыланып кеткен. Қазіргі кезде оқырман тарапынан қойылған талап-деңгейдің өсуіне байланысты аударма мәселелерінде үлкен өзгерістер болды. Бүгінгі күнде қандай да бір өнер туындысын окушының көркем қабылдауына ерекше дән қойылуда. Нақты айтқанда бүгін адамзаттың көкейкесті мәселелерінің бірі болып отырған жұртшылықтың рухани жұтандыққа ұшырауы зиялы қауымды өдеби шығармалардың оқырманға рухани өсерін

бірінші кезекке қоюға итермелдеуде. Бұл тұста көркем аударманың шетел оқырманының пайымдауы, оның тиғізген ықпалын сөз еткен жөн.

Аударманы түпнұсқамен салыстырғанда туынды өз қалпында көрінбейтіндігі сезіледі. Мысалы, өлеңнің мазмұны оқушыға түсіндіріліп берілмеген, тәп-тәүір шығарманың көркем шешімі көшірмеде өз дәрежесінде емес. Сондыктан да орыс тілі оқырманына өсер етері шамалы. Осы орайда, жанр ерекшелігіне қатысты ойдың бір ұшығы жалт етіп көрінеді. Ол – аудармада поэзиялық туындының өзіне тән ерекшеліктерінің көрсетілмеуі, оған айшықты сөз тіркестері мен образды өлең өрімдерінің сол қалпында жетпеуі, өлең құрылышының сақталмауы т.б. Ал жоғарыда айтылғандардың бәрі де оқырманың көркемдік қабылдауына айрықша өсер етері талас тудырмаса керек. Өкінішке орай, көп жағдайда шығарманың идеялық-эстетикалық мақсатына белгілі бір дәрежеде өсер етіп, көркемдік жүтін көтеретін қазақ өлең формалары нақты көрсетілмейді. Міне, осы секілді аударма қағидаларының сақталмауының кесірінен, керісінше түпнұсқа басқа тілге көшірілгенде, бас-аяғы қысқартылып, шолтиған немесе мазмұны өзгерілген күйінде шетел оқырманының қолына тиеді де, көнілдегідей болмай шығады.

Бұл текстес мысалдар балалар өдебиетінің аудармалары көп жағдайда түпнұсқаның көркемдік ұлттық ерекшелігін сактаудан ұмытулдан гөрі ауырдың үстімен, жеңілдің астымен принципінің бел алып кетіп жатқанын көрсетеді. Қазақтың балаларға арналған өдебиеті 70-80 жж. көркемдік өлемі жағынан бүрынғы қай кезеңдермен салыстырғанда да әрі қурделі, әрі олжалы екені өдеби сыны мен ғылыми зерттеулерде орынды айтылып келеді. Ендеше осы өдебиеттің өзге тілдерге қалай аударылғанын нақты мысалдар арқылы талдап, көкейкесті мәселелерді қозғау – уақыт талабы [4,208].

Мұндай мысалдарды аударма өлемін арала-саныз, аяқ аттаған сайын дерлік кездестіресіз. Ендеше аудармаға қойылатын талапты күшайт-кеніміз абзал.

Бұған көз жеткізу үшін тағы бір мысал келтірейік. Ө.Тұрманжановтың жазған жолдарын тәр-жимасымен салыстырып көрейік:

Хан, ханша, хан – Ара  
(конысы орман осы ара),  
Кызы есіп бойжеткен  
«Күйеу тапсам лайық  
Той қылам, – деп, халайық!».  
Айтады екен ол көкпен  
Жаздың бір жайлы кепшінде

Уәдесі есінде  
Шакырып халқын қанытты  
Той жайын айтып түгелдеп...  
«Келсін барлық көп ел» – деп,  
Жан-жаққа жаршы таратты [2, 122].

Орысша аудармасы:

Царь – пчела, царица – пчелка,  
Хоть и были гордцы  
Срок настал по всей округе  
Полетели их гонцы [3, 270].

Шығарманың аудармасы түпнұсқаға сәйкес келмейтінін аңғару қыын емес. Қазақшасы балғын оқырманың түсінігіне жеңіл, санысына сінімді болса, орысшасында құрғақ ой мен жеңіл арзан үйқас басым, мағыналық, бейнелік алшақтық байқалады.

Оның үстіне орысша аудармасы казақша нұсқасына қарағанда көлемі үш есеге азайып кеткен.

Біз келтіріп отырған мысалдар ақынның кезекті жинағының кезекті аудармасы емес, әбден елекten өткен, іріктелген, туындылардың басын қосатын «Антология казахской детской поэзии» деген кітаптан алғынып отыр. Ақындардың өздері ізденіп, тауып барып, сеніп тапсырған аудармашылардың қандай денгейде көрінетініне көзіміз жетіп отыр. Антологияның ахуалы мұндай болғанда, кезекті аударма жинақтар қандай болмақ? Мұны шамалау қыын емес сияқты.

Рас, объективті қындықтардың қыруар екенин де білеміз. Басқа түгіл Абайдың өзін әлі тиісті денгейде аудара алмай отырғанда, басқалар туралы не айтуға болады? Дегенмен «тас түскен жеріне ауыр» деген, біздің өдебиетімізде шет тілдерге қымсынбай, қорынбай аударуға ұсынуға лайықты шығармалар, құдайға шүкір баршылық. Сондыктан шығармаларымыздың әйтеуір шет тілдеріне аударылғанына көніл тоғайтып, бәленбей тілде аударылды деген арзан дақпыртқа мәз болғаннан гөрі «аз болса да, саз болсын» деген принципті ұстап, біреу де болса бірегей аударма болғанына күш салғанымыз жөн.

Өйткені тәуелсіз еліміздің әрбір адымына сырт көз сынай қарайды. Сондыктан, ен алдымен, еліміздің, жеріміздің абыройын ойласак, «экспортқа» ұсынатын қазыналарымызға қашанда сергек, талғампаз көзбен қарайык.

Тәуелсіз мемлекетіміздің рухани тұғырын ығайтып, эстетикалық ұстанымдарын ықтау бағытында қашанда құн тәртібінде болуға, көптің назарынан таса қалмауға тиісті мәселелердің бірі – көркем аударманың жай-күйі. Өйткені қазіргі акпарат құралдары арқылы ағындаған мәлімет тасқыны жағдайында өзіміздің жанымызға жа-

қын, жүргімізге жылы тиетін көркемдік қазыналарды іріктеу, тандап тәржімалау ең алдымен эстетикалық талап-талғамы өскелен бүгінгі оқырмандарымыздың рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін керек.

Белгілі ғалым Б.Ыбырайымның пікіріне құлақ аспасқа болмайды: «Ғылыми-теориялық бағыптаулар жасау, балалар әдебиетінің бүгінгі өзіндік ерекшеліктері, әдебиеттің, жалпы эстетиканың үлкен мәселелері түрғысынан таразылау арқылы бұл саланың алуан мәселелері сараланып, рухани дамуымызды бағдарлап, болашағамызды болжауға мүмкіндік туады» [5, 8].

### ӘДЕБІЕТ

1. Ахметов Ш. Қазақ совет балалар әдебиеті. Алматы: Мектеп, 1976. 228 б.

2. Тұрманжанов Ө., Әлімбаев М. Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы. Алматы: Жазушы, 1989. 528 б.
3. Антология казахской детской поэзии. Алматы: Жалын, 1983. 336 с.
4. Латыпова З.Х. Проблемы поэтического перевода. Павлодар: ЭКО, 2008. 286 с.
5. Ыбырайым Б. Сырлы әлем. Алматы: Ана тілі, 1997. 224 б.

### Резюме

В данной статье автор рассматривает проблемы поэтического перевода на русский язык оригинальных текстов произведений основоположника казахской литературы У. Турманжанова.

### Summary

In this the autor the poetical trabslation problems into Russian of on the fonder works of Kazakh childrens literanure – U. Turmanjanov.